

"Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2007-2015 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы"

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Әлеуметтік-экономикалық талдау бөлімінің Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 28 тамыздағы N 399 Жарлығына түсініктемесі

Республикадағы көші-қон жағдайы еңбек көші-қоны көлемінің өсуімен, заңсыз көші-қон ауқымының ұлғаюымен, босқындардың болуымен, қарқынды ішкі көші-қонмен сипатталады. Қазақстан әлемдегі мейлінше күшті көші-қон процестері байқалатын елдердің біріне жатады. Республика көші-қон ағынының қысымын сезініп
о т ы р .

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы" атты 20065 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру барысында Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2007-2015 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы" 2007 жылғы 28 тамыздағы Жарлығы қабылданды. Тұжырымдама Қазақстан Республикасындағы көші-қон процестерін басқарудың қазіргі тетіктерін жетілдіруге және сапалық тұрғыдан жаңа тетіктерін дамытуға бағытталған.

Тұжырымдаманың мақсаты еліміздің ұлттық бірдейлігі мен қауіпсіздігін сақтау және дамыту шеңберінде заңсыз көші-қонды барынша азайту және сұрыптаушылық көші-қонды қалыптастыру жолымен көші-қон ағынының келенсіз салдарын азайту
б о л ы п т а б ы л а д ы .

Көші-қон саясатының негізгі принциптері мен міндеттерін ескере отырып, бейімдеу қызметтерін көрсету арқылы оралмандарды бейімдеу мен кіріктірудің өнірлік орталықтарын құру, білімі мен біліктілік деңгейін, кәсіптік тәжірибесінің болуын қоса алғанда, көшіп келу квотасына оралмандарды енгізуін нақты критерийлерін белгілеу, шетелдік жұмыс қүшін квоталау және экономикалық мақсаттылық тестін сақтау, іріктеу әдісін қолданумен икемді визалық тетік құру және басқалар жөніндегі шаралар
кешенин іске асыру көзделеді.

Тұжырымдаманы іске асыру көші-қон ағынын реттеу жүйесін жетілдіруге, этникалық қазақтарды қабылдау, оларды қазақстандық қоғамға бейімдеу және кіріктіру үшін жағдай жасауға, білікті ұлттық еңбек нарығын қалыптастыру үшін ішкі еңбек көші-қонының мүмкіндіктерін пайдалануға жәрдемдеседі.

Қазақстан
Президенті

Республикасы
Әкімшілігінің

Әл еүмөттік - әк оно миқалық
талдау бөлімі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК